



егемен

Азатстан




**А**й санап асқақтаған Астана-ның ажарын айшықтаған өсем де ғажайып ғимараттардың қатарына көпірлер жатса керек. Күні кешеге дейін ерке Есілдің қос жағалауын жалғыз ғана көпір қосып жататын. Көзге қораштау көрінетін бұл көпірдің байырғы Қараөткел атауының өзінен-ақ талай жайды ұғасың. Ел мен елді, ауыл мен ауылды жалғаған көне көпірдің бүгінгі тынысы мүлдем өзгеше. Болашаққа бой созған елорданың қан тамырындай лүпіндеген ежелгі көпірдің үстімен күні-түні дамылсыз ағылған көліктердің нөпірі де үздіксіз өсуде.

Сондықтан да орталық өткелдің өкпесін қыспай, тынысын ашу үшін Есілдің үстінен соңғы бірер жылдың бедерінде бірнеше көпірлер салынып, пайдалануға берілді. Әлемдік құрылыс инженериясының ең соңғы жетістіктерімен бой көтерген еңселі де көрікті көпірлер



# ШЕҒЕРШІ КӨПІРЛЕР ЕЛОРДА



астана келбетін бұрынғыдан бетер жарқыратып аша түскені аян.

Қаланың батыс бөлігінен салынған Сарыарқа көпірі өзінің ерекше кеңдігімен даңғыл саналса, жаңа шаһарды қақ жарып түскен биік те өсем жаңа көпір өркениетті елдердегі құрылыстардан артық болмаса, кем емес. Ал Есілдің жағасындағы саябаққа апаратын жаяу жүргіншілерге арналған көпірдің үнгі көрінісі көз жауын аларлық..

Көлік қозғалысын реттеуде көпірлердің атқарар қызметі орасан. Таяу арада Иманов көшесі бойында салынып жатқан кезекті көпір пайдалануға беріледі.

Иә, қала көркіне айналар көпірлер Есілдің үстінен алдағы уақытта да бой көтере бермек.

Жанат ЕЛІШБЕК.  
Суреттерді түсірген  
Орынбай БАЛМҰРАТ.

